

Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, оны кері қайтарып алу қағидаларын және көрсетілген келісімді алу үшін табыс етілетін құжаттарға қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 67 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 11 сәуірде № 7552 тіркелді.

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, оны кері қайтарып алу қағидалары және көрсетілген келісімді алу үшін табыс етілетін құжаттарға қойылатын талаптар бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк  
Төрағасы

*Г. Марченко*

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2012 жылғы 24 ақпандағы  
№ 67 қаулысымен  
бекітілген

Банктің ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингі, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, оны кері қайтарып алу қағидалары және көрсетілген келісімді алу үшін табыс етілетін құжаттарға қойылатын талаптар

Ескерту. Талаптар жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Банктің ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингі, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, оны кері қайтарып алу қағидалары және көрсетілген келісімді алу үшін табыс етілетін құжаттарға қойылатын талаптар (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне (бұдан әрі – ӘРПК), "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" (бұдан әрі – Банктер туралы заң), "Сақтандыру қызметі туралы" (бұдан әрі - Сақтандыру қызметі туралы заң), "Бағалы қағаздар рыногы туралы" (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң), "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң), "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" (бұдан әрі - Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган, көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - өтініш беруші, көрсетілетін қызметті алушы) банктің ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингі, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы (бұдан әрі – қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі) мәртебесін иеленуге келісім беру, оны кері қайтарып алу тәртібін және көрсетілген келісімді алу үшін табыс етілетін құжаттарға қойылатын талаптарды белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қағидаларда Банктер туралы заңда, Сақтандыру қызметі туралы заңда, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңына, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңда, Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңда, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" және "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында көрсетілген мәндерде қолданылатын ұғымдар қолданылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## **2-тарау. Қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленуге келісім беру тәртібі**

3. Қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге еркін нысандағы өтініш талап етілетін құжаттар қоса беріліп, "электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық түрде беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттік қызмет көрсету нысаны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар және талаптар тізбесі, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі, сондай-ақ өзге де мәліметтер (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушыға Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерін жүзеге асыруға келісім беру Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Өтініш беруші өтінішті портал арқылы жіберген кезде "жеке кабинетте" нәтижені алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге сұратудың қабылданғаны туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4. Көрсетілетін қызметті берушінің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері өтініш түскен күні оны қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін мемлекеттік қызметті көрсету үшін жауапты бөлімшеге (бұдан әрі – жауапты бөлімше) жіберуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының өтініші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері білдірген жағдайда өтініштерді қабылдау Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

5. Жауапты бөлімшенің қызметкері ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, жауапты бөлімше көрсетілетін қызметті алушының банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, банк

немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге құжаттарын алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтінішті бұдан әрі қараудан бас тарту туралы оны көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдау арқылы дәлелді бас тарту дайындайды және жібереді.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызметтерді немесе цифрлық құжаттар сервисін көрсету үшін пайдаланылатын ақпараттық жүйелерден:

Қазақстан Республикасының резиденті - жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасының резиденті - жеке тұлғаның алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығын растайтын;

Қазақстан Республикасының резиденті - заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

6. Ұсынылған құжаттардың толық болуы фактісі анықталған жағдайда жауапты бөлімше құжаттарды 36 (отыз алты) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес келуі тұрғысынан қарайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті орган өтініш берушіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қарау, тыңдау нәтижелері бойынша жауапты бөлімше қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі немесе сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленуге келісім беру (беруден бас тарту) туралы көрсетілетін қызмет берушінің Басқармасы қаулысының жобасын дайындайды және көрсетілетін қызмет берушінің Басқармасының қарауына жібереді. Көрсетілетін қызметті берушінің Басқармасы қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі немесе сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленуге келісім беру (беруден бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде, өтінішті қарау мерзімі көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе оның орынбасарының дәлелді шешімімен тиімді мерзімге, бірақ өтінішті дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты жағдайларды анықтау қажеттілігіне байланысты 2 (екі) айдан аспайтын мерзімге

ұзартылуы мүмкін, бұл туралы көрсетілетін қызметті алушыға ӘРПК-нің 76-бабының үшінші бөлігіне сәйкес мерзімі ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарланады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

7. Жауапты бөлімшенің қызметкері жауапты бөлімше көрсетілетін қызметті беруші Басқармасының қаулысы келіп түскеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде (мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің шегінде) Басқарма қаулысының электронды көшірмесін қоса берумен, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында, қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленуге келісім беру туралы хабарламаны немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы ақпарат мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты режимде жаңартылып тұрады.

9. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының (бұдан әрі – қаржы ұйымы) акцияларына тікелей немесе жанама иелік ету үлестерін қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі орналастырылған (артықшылық берілген және сатып алынғанды есептемегенде) акциялардың көлемінен тиісінше банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беруші акцияларының санына есептейді.

10. Тұлға мыналар қаржы ұйымының акцияларының жиырма бес және одан да көп пайызын (жарғы капиталында қатысу үлесімен) иеленген (шарттың күшімен немесе басқа жағдайда оның дауыс беруге, шешімдері анықтауға және (немесе) қабылданған шешімдерге ықпал етуге мүмкіндігі бар болған) жағдайда оны жанама иеленуші (дауыс беруші) болып танылады:

1) қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк холдингі немесе сақтандыру холдингі) болып табылатын тұлға (тиісінше қаржы ұйымының акцияларының он (жиырма бес) және одан да көп пайызымен дауыс беру мүмкіндігі бар);

2) бірлесіп қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк немесе сақтандыру холдингі) болып табылатын тұлғалардың ең болмағанда бірі;

3) қаржы ұйымының (банк немесе сақтандыру холдингі) ірі қатысушысы болып табылатын тұлғалар акцияларының (қатысу үлесі) жиырма бес және одан да көп пайызымен тікелей және (немесе) жанама дауыс беруді иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар) немесе қаржы ұйымының акцияларының он (жиырма бес) және одан да көп пайызымен тікелей немесе жанама дауыс беру мүмкіндігі бар тұлғалар.

Сондай-ақ мына тұлғалар қаржы ұйымының (дауыс беруші) акцияларының жиырма бес және одан да көп пайызын (жарғылық капиталында қатысу үлесімен) осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар бірлесіп иеленген (шарттың күшімен немесе басқа жағдайда оның шешімдерді анықтауға және (немесе) қабылданған шешімдерге ықпал етуге мүмкіндігі бар болған) жағдайда қаржы ұйымының акцияларын жанама иеленуші (дауыс беруші) тұлғалар болып танылады:

оның басшы қызметкері болып табылатын заңды және жеке тұлға;

жақын туыстары (ата-аналары, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, толық туысатын және толық туыспайтын інілер (ағалар) мен сіңлі-әпкелер (қарындастар), атасы, әжесі, немерелері), жұбайы (зайыбы) болып табылатын жеке тұлғалар;

осы заңды тұлғаның басшы қызметкерінің жақын туыстары (ата-аналары, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, толық туысатын және толық туыспайтын інілер (ағалар) мен сіңлі-әпкелер (қарындастар), атасы, әжесі, немерелері), жұбайы (зайыбы) болып табылатын заңды және жеке тұлғалар.

Осы тармақтың екінші бөлігінен басқа заңды тұлғалардың (жарғы капиталында қатысу үлесімен) акцияларын жүйелі иелену арқылы қаржы ұйымының, қаржы ұйымының ірі қатысушысының, банк немесе сақтандыру холдингінің немесе қаржы ұйымының бірлескен ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі болып табылатын тұлғалардың шешімдерін анықтауға мүмкіндігі бар тұлға қаржы ұйымының (дауыс беруші) акцияларын жанама иеленуші тұлға болып танылады. Бір заңды тұлғаның қаржы ұйымының акцияларын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғы капиталында қатысу үлесімен) жүйелі иелік ету арқылы жанама иелену (дауыс беру) үлесі көрсетілген заңды тұлғалардың бірінің екіншісіндегі осы жүйелілікте тікелей қатысу үлестерінің туындысы ретінде анықталады.

Егер бір заңды тұлғаның басқа заңды тұлғадағы акцияларды (жарғы капиталында қатысу үлесімен) иелену (дауыс беру) үлесі елу пайыздан астам болған жағдайда, онда қаржы ұйымының акцияларын жанама иелену (дауыс беру) үлесін есептеу мақсатында коэффициент бірге тең деп қабылданады.

Егер заңды тұлғаның бес пайыздан кем акцияларын (жарғы капиталында қатысу үлесімен) иеленген тұлғалардың үлесі осы тұлғаның акцияларының (жарғы капиталында қатысу үлесімен) жалпы санынан жиырма пайызға асатын болса, заңды тұлғаның бес пайыздан кем акцияларына (жарғы капиталында қатысу үлесімен) иелік ететін тұлғалардың иелігіндегі акцияларды қоспағанда (жарғы капиталында қатысу үлесімен) осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың акцияларының жиырма бес және одан да көп пайызын (жарғы капиталында қатысу үлесімен) иеленген (шарттың күшімен немесе басқа жағдайда

оның дауыс беруге, шешімдерді анықтауға және (немесе) қабылданған шешімдерге ықпал етуге мүмкіндігі бар болған) жағдайда, онда тұлға қаржы ұйымының акцияларын жанама иеленуші (дауыс беруші) болып танылады.

Заңды тұлға банк холдингінің немесе сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленген жағдайда, заңды тұлға Банктер туралы заңда және Сақтандыру қызметі туралы заңда көзделген тәртіппен бір мезгілде банк немесе сақтандыру холдингінің еншілес ұйымын құруға немесе иеленуге рұқсат алуға немесе банк немесе сақтандыру холдингінің ұйымның капиталына қомақты қатысуына рұқсат алуға өтініш береді.

11. Жеке және заңды тұлғаларға Банктер туралы заңның 13-бабының 1-тармағында және Сақтандыру қызметі туралы заңның 27-бабының 3-тармағында көзделген тәртіпте банк ашуға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру кезінде тиісінше, банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге бір мезгілде келісім беріледі.

12. Қаржы ұйымының немесе банктің немесе сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін алғысы келетін Қазақстан Республикасының бейрезиденті-заңды тұлғада тізбесі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген, "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысымен (бұдан әрі – № 385 қаулы) белгіленген халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірі берген талап етілетін ең төмен рейтингтің болуы Банктер туралы заңның 17-1-бабы 1-тармағының үшінші бөлігінде, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабының 1-тармағында, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 72-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда талап етілмейді.

Банк холдингі мәртебесін алуға уәкілетті органның келісімін алғысы келетін Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы болып табылатын өтініш берушіге тізбесі № 385 қаулымен белгіленген халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірі берген талап етілетін ең төмен рейтингтің болуы және уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органы арасында ақпарат алмасу туралы келісімнің болуы Банктер туралы Заңның 17-1-бабының 9-1-тармағында көзделген жағдайларда талап етілмейді.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 19.07.2024 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

13. Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабы 11-тармағының екінші бөлігіне және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 72-1-бабы 11-тармағының екінші бөлігіне сәйкес банк конгломератының құрамына кіретін банктің банк холдингі мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін алуға ниет білдірген Қазақстан Республикасының бейрезидент банкіне банк холдингінің мәртебесін берумен бір мезгілде банк конгломератының құрамына кіретін және Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес шоғырландырылған қадағалауға жататын тиісті қаржы ұйымының ірі қатысушысы мәртебесі беріледі.

14. Өтініш берушіге банк холдингі мәртебесін иеленуге келісім берген кезде бір мезгілде банктің капиталына қомақты қатысуға не Банктер туралы заңда көзделген тәртіппен еншілес банк құруға немесе иеленуге рұқсат беріледі.

Банк холдингі немесе банк болып табылмайтын тұлғаға сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім берген кезде бір мезгілде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының капиталына қомақты қатысуға не Сақтандыру қызметі туралы заңда көзделген тәртіппен еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға (иеленуге) рұқсат беріледі.

15. Уәкілетті орган инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуі жағдайында мемлекеттік көрсетілетін қызмет алу үшін ұсынылған өтініш пен құжаттарды қарау мерзімін, егер оларды қарау процесінде аталған құжаттарда өтініш беруші және оның қызметі туралы жалған мәліметтер, ұсынылған құжаттардың заңнама талаптарына сәйкес келмеген, сондай-ақ уәкілетті органға ұсынылған мәліметтердің шынайылығын тексеру қажеттілігі жағдайында тоқтата тұрады.

Өтініш беруші ескертулерді жойған және құжаттарды ұсынғаннан кейін оларды қарау мерзімі жаңартылады. Уәкілетті органның құжаттарды келесі қарауы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 3-тармағында белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленуге келісім беру кезінде алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

17. Мыналар:

кәсіпкерлік, еңбек немесе басқа да ақы төленетін қызметтен алынған кірістер;

көрсетілетін қызметті алушының құжаттамамен расталған ақшалай жинақтары қаржы ұйымының акцияларын сатып алу үшін пайдаланылатын қаражат көзі болып табылады.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген қаражат көздеріне қосымша қаржы ұйымының акцияларын сатып алу үшін сақтандыру қаржы ұйымының сатып алатын акцияларының құнынан 25 (жиырма бес) пайыздан аспайтын мөлшерде сыйға тарту, ұтыс, өтеусіз алынған мүлікті сатудан түскен кіріс түрінде алынған ақша пайдаланылуы мүмкін.

18. Банктің ірі қатысушысы немесе банк немесе сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленуге келісім алу үшін құрылтай құжаттардың нотариалды расталған көшірмелерін ұсыну бөлігіндегі талаптар Қазақстан Республикасының бейрезиденті - заңды тұлғаға мына талаптардың бірі орындалған жағдайда қолданылмайды:

1) Қазақстан Республикасының бейрезиденті - заңды тұлғада тізбесін көрсетілетін қызметті беруші белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірі тағайындаған "А"-дан төмен емес кредиттік рейтингі болған кезде;

2) өтініш беруші тұрған елдің қадағалау органының интернет-ресурсында өтініш беруші ірі қатысушы болып табылатын заңды тұлғалар (қатысу үлесі, жарғылық қызмет түрлері) және өтініш берушінің ірі қатысушылары жөніндегі мәліметтер, сондай-ақ өтініш берушінің қаржылық жағдайы туралы ақпарат болса, Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасына қолданылмайды.

19. Банк немесе сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленуге ниет білдірген өтініш беруші тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау, оның ішінде еншілес ұйымның қызметіне байланысты тәуекелдер бойынша уәкілетті орган белгілеген талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.

20. Бұрын қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін алған тұлға заңды тұлғаның атауы өзгерген жағдайда, сондай-ақ заңды тұлғаның әділет органдарында немесе Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Қағидалардың 31-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мәліметтердің өзгеруі немесе Қағидалардың 31-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мәліметтерде өзгерістер пайда болған жағдайда көрсетілген өзгерістерді растайтын құжаттарды қоса берумен уәкілетті органды хабардар етеді.

Берілген өзгерістерге және қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге бұрын берілген келісімге өзгерістер енгізуге уәкілетті органның келісімін алу талап етілмейді.

21. Қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін алған тұлға уәкілетті орган аталған келісімді берген күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімінен немесе эмиссиялық бағалы қағаздарды номиналды ұстау

жүйесінен қаржы ұйымының акцияларын сатып алуды растайтын үзінді-көшірме ұсынады.

Жаңадан құрылған қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін алған тұлға қаржы ұйымының акцияларын мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімінен немесе эмиссиялық бағалы қағаздарды номиналды ұстау жүйесінен қаржы ұйымының акцияларын сатып алуды растайтын үзінді-көшірме ұсынады.

Осы тармақта белгіленген мерзімде үзінді-көшірме ұсынбаған жағдайда уәкілетті орган берген келісім өз қолданысын тоқтатады.

22. Бұрын банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін алған және кейіннен тек банктің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының белгілері ғана бар тұлға аталған сәйкессіздік орын алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде уәкілетті органның алдында банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге уәкілетті орган бұрын берген келісімінің қолданылуын тоқтату туралы және аталған өзгерістерді ғана растайтын құжаттарды ұсынумен банктің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру туралы өтінеді.

23. Бұрын қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін алған және кейіннен қаржы ұйымының ірі қатысушысының, банк немесе сақтандыру холдингінің белгілері жоқ тұлға аталған сәйкессіздік орын алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде уәкілетті органның алдында аталған өзгерістерді растайтын құжаттарды ұсынумен уәкілетті орган бұрын берген келісімінің қолданылуын тоқтату туралы өтінеді.

Қаржы ұйымының ірі қатысушысының (банк немесе сақтандыру холдингінің) өтініші бойынша қаржы ұйымы акцияларының саны қаржы ұйымының орналастырылған акцияларының (артықшылық берілген және қаржы ұйымы сатып алған акциялары шегеріле отырып) санына және (немесе) дауыс беретін акцияларының санына пайыздық арақатынасы қаржы ұйымының ірі қатысушысына (банк немесе сақтандыру холдингіне) тиесілі он (жиырма бес) пайыздан кем болатын санға дейін өзгерген жағдайда не уәкілетті орган берілген келісімнің күшін жою үшін негіз болып табылатын фактілерді дербес анықтаған жағдайда, уәкілетті органның бұрын берілген жазбаша келісімінің күші уәкілетті орган көрсетілген өтінішті алған не уәкілетті орган берілген келісімнің күшін жою үшін негіз болып табылатын фактілерді анықтаған күннен кейінгі күннен бастап жойылды деп саналады.

24. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне шағымдану жазбаша түрде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды көрсетілетін қызметті берушінің жоғары тұрған лауазымды адамы, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

Шағымды қабылдаған адамның аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты: 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны бойынша Бірыңғай байланыс орталығына хабарласу арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" жіберген кезде, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу кезінде жаңартылатын өтініш туралы ақпаратқа (жеткізілім, тіркеу, орындау туралы жазбалар, қарауға жауап немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қол жеткізуге болады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету туралы көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен шағымы ол тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы ол тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

25. Шағымда:

1) көрсетілетін қызметті алушының (жеке тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы не көрсетілетін қызметті алушының толық атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің атауы және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

3) шағым беруші тұлға өзінің талаптары мен дәлелдемелерін негіздейтін жағдайлар;

4) шағымның шығыс нөмірі және берілген күні;

5) шағымға қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі болып табылатын тұлға қол қояды.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

26. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**3-тарау. Қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар**

27. Өтініш беруші ірі қатысушы болып табылатын заңды тұлғалар бойынша мәліметтер Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Өтініш беруші - жеке тұлға туралы мәліметтер (қысқаша деректер), өтініш беруші – заңды тұлғаның басшы қызметкерлері туралы қысқаша деректер Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Өтініш берушінің кірістері мен мүлкі туралы ақпарат, сондай-ақ өтініш берушінің қаржылық жай-күйін талдау үшін жеткілікті растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің барлық міндеттемелері бойынша орын алып отырған берешек туралы ақпарат беріледі.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын, өтініш берушінің басшы қызметкерлері бойынша, олардың мінсіз іскерлік беделін растайтын мәліметтер Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады. Осы мәліметтерді Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын басшы қызметкерлерге қатысты банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін алған кезде өтініш беруші-заңды тұлға ұсынады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 19.07.2024 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28. Қаржы ұйымының қаржылық жағдайы ықтимал нашарлауы жағдайларында қаржы ұйымын қайта капиталдандыру жоспары мынадай ақпараттан тұрады:

қаржы ұйымының ағымдағы жай-күйін бағалау;

қаржы ұйымының қаржылық жай-күйінің болжамды нашарлауының есебі және нашарлауына әсер ететін өлшемшарттар (пруденциялық нормативтердің өзгеру серпіні, қаржы ұйымының меншікті капиталы мөлшерінің өзгеруі, қаржы ұйымының қаржылық және өзге де көрсеткіштерінің нашарлау жағына қарай өзгеруі);

қаржы ұйымын қаржылық қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралардың (шығыстарды төмендету бойынша шаралар, қаржы ұйымының меншікті капиталын пруденциялық нормативтер және басқа да сақталуы міндетті нормалар мен лимиттер орындалатын шамаға дейін қалпына келтіруге бағытталған қосымша қаржылық салымдар (ақша салымының сомаларын және көздерін көрсете отырып), қосымша кірістер алу жөніндегі іс-шаралар және басқа іс-шаралар) егжей-тегжейлі сипаттамасы;

қаржы ұйымын қаржылық қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды орындаудың күнтізбелік мерзімдері;

қалпына келтіру іс-шараларының болжанған экономикалық әсері (пруденциялық нормативтердің өзгеру серпіні, қаржы ұйымының меншікті капиталы мөлшерінің өзгеруі, қаржы ұйымының қаржылық және өзге де көрсеткіштерінің өзгеруі).

Егер өтініш беруші банк немесе сақтандыру холдингі не басқа қаржы ұйымының ірі қатысушысы болса, онда уәкілетті органға ұсынылатын қайта капиталдандыру жоспары осы қаржы ұйымының қайта капиталдандыру жоспарына сәйкес өтініш берушінің міндеттемелері ескеріле отырып жасалады.

Қаржы ұйымының қаржылық жағдайының ықтимал нашарлауы жағдайында қаржы ұйымының қайта капиталдандыру жоспары:

1) өтініш беруші жеке тұлғаның;

2) өтініш беруші заңды тұлғаның бірінші басшысының, сондай-ақ, егер өтініш беруші заңды тұлғаның ірі акционерінің (акционерлерінің) қаржы ұйымының, банк немесе сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін алуы талап етілмеген жағдайда, өтініш беруші заңды тұлғаның ірі акционерінің (акционерлерінің) қолдармен расталады.

**Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

29. Бизнес-жоспар мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) төмендегілермен шектелмей, мынадай ақпаратты қамтиды:

қаржы ұйымының мақсаттары мен міндеттерін және көрсетілетін қызметтер түрлерін сипаттау;

қаржы ұйымының қызметін талдау (сыртқы және ішкі ортаны талдау);

қаржы ұйымы қызметінің таяудағы 5 (бес) қаржы (операциялық) жылындағы даму стратегиясы және ауқымы;

таяудағы 5 (бес) қаржы (операциялық) жылға арналған толық жылдық қаржылық жоспар (негізгі қаржылық көрсеткіштердің есебі, бюджет, бухгалтерлік баланс, пайда мен зиян туралы есеп, бизнес-жоспарды қаржыландыру көздері мен көлемдері);

тәуекелдерді басқару жоспары (қаржы ұйымының қызметін жүзеге асыруға байланысты тәуекелдердің сипаты және алдағы 5 (бес) қаржы (операциялық) жылында оларды басқару тәсілдері);

таяудағы 5 (бес) қаржы (операциялық) жылында еңбек ресурстарын тарту жоспары;

өтініш берушінің және қаржы ұйымының болжалды есеп айырысу балансын қоса алғанда, қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін алғаннан кейін иеленудің қаржылық салдарын талдау, егер мұндайлар бар болса, іс-шаралар жоспарын және ұйымдық құрылымын қоса алғанда, қаржы ұйымының активтерін сату, қайта ұйымдастыру немесе қаржы ұйымының қызметіне немесе басқаруға айтарлықтай өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстары және жоспарлары.

Егер өтініш берушінің банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуі тиісінше банк конгломератының немесе сақтандыру тобының қалыптасуына әкелген жағдайда, банк немесе сақтандыру холдингінің қатысушысы мәртебесін иеленудің қаржылық салдарын талдау банк конгломератының немесе сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерді сақтауын тексеруді қамтиды.

Осы тармақшаның тоғызыншы абзацында және Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының он бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкес келмеу қаржы ұйымының қаржылық жай-күйінің нашарлауына әкеледі;

егер өтініш берушінің банк немесе сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленуі тиісінше банк конгломератының немесе сақтандыру тобының қалыптасуына әкелген жағдайда, банк конгломератының немесе сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің болжамды есебі;

2) мына:

өтініш беруші жеке тұлғаның;

өтініш беруші заңды тұлғаның бірінші басшысының, сондай-ақ, егер өтініш беруші заңды тұлғаның ірі акционерінің (акционерлерінің) қаржы ұйымының, банк немесе сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін алуы талап етілмеген жағдайда, өтініш беруші заңды тұлғаның ірі акционерінің (акционерлерінің) қолдармен расталады

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.09.2023 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

30. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттарды, осы құжаттардың мазмұны өзгерген не олардың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайларды қоспағанда, оларды бұрын уәкілетті органға ұсынған адамдар ұсынбайды. Бұл ретте уәкілетті органға өзгерістер енгізілген немесе қолданылу мерзімі аяқталған құжаттар ғана ұсынылады. Қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иелену туралы өтініште уәкілетті органға бұрын ұсынылған құжаттар туралы мәліметтер (шығыс құжатының күні, нөмірі), сондай-ақ оларды ұсыну негіздері көрсетіледі.

Шет мемлекеттердің құзыретті органдары немесе лауазымды тұлғалары берген құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес заңдастырылуға немесе апостильдендірілуге тиіс (Қазақстан Республикасының бейрезиденті жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттарды қоспағанда). Шет тілінде ұсынылатын бұл құжаттар қазақ, және қажет болған кезде орыс тілдеріне аударылады және Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасына сәйкес нотариалды куәландырылуға жатады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

31. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген өтінімдерде мыналар көрсетіледі:

1) өтініш беруші жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі не өтініш беруші заңды тұлғаның бизнес – сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтер;

2) өтініш беруші - Қазақстан Республикасының бейрезидент - заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), орналасқан жері туралы мәліметтер;

3) қаржы ұйымының сатып алынатын акцияларының саны, олардың құны, қаржы ұйымының сатып алуға болжамдалған акциялары санының тиісінше орналастырылған (артықшылық берілген және сатып алынғандарды қоспағанда) акциялар санына және (немесе) қаржы ұйымының дауыс беруші акцияларының санына пайыздық арақатынасы туралы мәліметтер;

4) қаржы ұйымының, оның ішінде бұрын сатып алынған акцияларын сатып алу талаптары мен тәртібі туралы мәліметтер, сондай-ақ растайтын құжаттармен қоса, акцияларды сатып алу үшін пайдаланылатын көздер мен қаражаттың сипаты;

5) дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім (өтініш беруші жеке тұлға үшін) және ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтер.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

32. Ұсынылған құжаттар Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, уәкілетті орган оларды қараудың Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 3-тармағында көрсетілген мерзімі ішінде өтініш берушіге пошталық , факсимильдік байланыс, электрондық пошта және (немесе) портал арқылы өтініш берушіге оларды жою үшін ескертулермен және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін, пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсыну туралы хат жолдайды. Бұл ретте уәкілетті органның келісім беруге арналған құжаттарды қарау мерзімі үзілмейді.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**4-тарау. Қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк және сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісімді қайтарып алу тәртібі**

33. Уәкілетті орган Банктер туралы заңның 17-1-бабында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабында, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 72-1-бабында көрсетілген негіздер бойынша қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі

немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге берілген келісімді кері қайтарып алады.

Бұл жағдайда осындай шара қолданылған адам, Банктер туралы заңның 17-1-бабының 15-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабының 13-тармағында, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 72-1-бабының 13-тармағында көрсетілген талаптар орындалған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күннің ішінде уәкілетті органға осы талаптардың орындалуын растайтын мәліметтер мен құжаттарды ұсынады.

Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, оны кері қайтарып алу қағидаларына және көрсетілген келісімді алу үшін табыс етілетін құжаттарға қойылатын талаптарға  
1-қосымша

## Мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 19.07.2024 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Мемлекеттік қызмет атауы	Банктің және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының және (немесе) банк және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлері	Банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру; Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру; Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру; Банк холдингі мәртебесін иеленуге келісім беру; Сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім беру.

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал)
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Порталға өтініш берген күннен бастап 50 (елу) жұмыс күні ішінде
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)/ "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Көрсетілетін қызметті беруші Басқармасының тиісті қаулысының көшірмесін қоса берумен қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім беру туралы хабарлама не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде алым жинау мөлшерлемесі : 1) банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі мәртебесін иеленуге келісім бергені үшін: жеке тұлғалар үшін - 100 (бір жүз) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК); заңды тұлғалар үшін - 500 (бес жүз) АЕК; 2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім бергені үшін жеке және заңды тұлғалар үшін - 50 (елу) АЕК құрайды. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру бойынша мемлекеттік қызмет тегін негізде көрсетіледі. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленуге келісім беру кезінде алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол

		<p>ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.</p>
7.	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және " Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін;</p> <p>2) портал – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Мерекелер туралы заңға сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
		<p>Көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлға банктің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін өтініш берген кезде:</p> <p>1) Қағидалардың 31-тармағында көзделген мәліметтерді көрсете отырып, еркін нысанда жасалған көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;</p> <p>2) акцияларды иелену талаптары мен тәртібін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері, сондай-ақ акцияларды иелену үшін</p>

пайдаланылатын көздер мен қаражат.

Қаржы ұйымының акцияларын сыйлық түрінде алынған мүлік есебінен сатып алу кезінде, көрсетілетін қызметті алушы сыйға тартушы және сыйға тартушыда көрсетілген мүліктің пайда болу көздері туралы мәліметтерді ұсынады;

3) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беруші ірі қатысушы болып табылатын заңды тұлғалар бойынша мәліметтердің электрондық көшірмесі.

Қазақстан Республикасының бейрезидент - заңды тұлғасының акционері (қатысушысы) болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының бейрезидент - заңды тұлғасының құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынады;

4) Қағидалардың 28-тармағында көзделген мәліметтерді көрсете отырып, қаржы ұйымының қаржылық жай-күйі ықтимал нашарлаған жағдайда қаржы ұйымын қайта капиталдандыру жоспарының электрондық көшірмесі;

5) көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйін талдау үшін жеткілікті растайтын құжаттармен қоса, Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің кірісі және мүлкі туралы мәліметтер, сондай-ақ барлық міндеттемелері бойынша берешегінің болуы туралы ақпараттың электрондық көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлға (Қазақстан Республикасының резиденті) сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен ұсынылған активтер мен міндеттемелер туралы

декларацияның электрондық көшірмесін (нотариат куәландырған немесе мемлекеттік кірістер органы растаған) – банктің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иелену туралы уәкілетті органға өтініш берген күннің алдындағы күнтізбелік отыз күн ішінде және Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде ұсынылған кірісі және мүлкі туралы декларацияның электрондық көшірмесін (нотариат куәландырған немесе мемлекеттік кірістер органы растаған) ұсынады.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларациядағы мәліметтер активтер мен міндеттемелер туралы декларация тапсырған айдың бірінші күні көрсетіледі;

б) білімі, еңбек қызметі, іскерлік беделі туралы мәліметтерді қоса алғанда, өтініш беруші - жеке тұлға туралы мәліметтердің (қысқаша деректердің), сондай-ақ заңды тұлға - өтініш берушінің басшы қызметкерлері туралы қысқаша деректердің электрондық көшірмелері Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Қазақстан Республикасының бейрезидент - жеке тұлғалар мінсіз іскерлік беделін растау үшін азаматтығы бар елде (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екендігі туралы мәліметтерді растайтын құжаттың электрондық көшірмесін ұсынады. Көрсетілген құжатты беру күні өтініш берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылған құжатта

оның қолданысының өзге мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Егер мемлекеттік органы қылмыстар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екені туралы мәліметтерді растауға уәкілетті елдің заңнамасында олар туралы көрсетілген мәліметтер сұратылатын тұлғаларға растайтын құжаттар беру көзделмесе, онда тиісті растау азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органының хатымен уәкілетті органның атына жіберіледі.

Өтініш берушінің-заңды тұлғаның басшы қызметкері болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-жеке тұлғасы үшін, егер осы басшы қызметкер өтініш беруші-заңды тұлғаның басшы қызметкері лауазымына уәкілетті органмен келісілген болса және көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген күні осы лауазымға ие болса осы құжатты ұсыну талап етілмейді;

7) Қазақстан Республикасының бейрезиденті - көрсетілетін қызметті алушы тұратын елдің тиісті мемлекеттік органының Қазақстан Республикасының резидент- қаржы ұйымының акцияларын сатып алу осы елдің заңнамасымен рұқсат етілгендігі туралы жазбаша растамасының электрондық көшірмесі, не тиісті мемлекеттің уәкілетті органының көрсетілген құрылтайшының мемлекетінің заңнамасы бойынша мұндай рұқсаттың қажет етілмейтіндігі туралы өтініші;

8) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, банктің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге

келісім алу үшін банктің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім беру үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі қосымша ұсынылады. Қазақстан Республикасының резиденті- көрсетілетін қызметті алушы - заңды тұлға банктің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін өтініш жасаған кезде:

1) Қағидалардың 31-тармағында көзделген мәліметтер көрсетіле отырып еркін нысанда жасалған, көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не оның міндетін атқарушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) қаржы ұйымының акцияларын иелену туралы көрсетілетін қызметті алушының тиісті органы шешімінің электрондық көшірмесі (шешім қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында немесе оны көрсетілетін қызметті берушінің портал арқылы алу мүмкіндігі болмаған жағдайда).

Егер көрсетілетін қызметті алушы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Банктер туралы заң) 61-4 және 61-11-баптарында көзделген операцияны жүзеге асырған банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуші банк немесе Қазақстан Республикасының бейрезиденті-қаржы ұйымы болып табылса, көрсетілетін қызметті алушы басқару органының банктің акцияларын иелену туралы шешімінің электрондық көшірмесі ұсынылады;

3) заңды тұлға акцияларының он немесе одан көп пайызын ( жарғылық капиталына қатысу үлестерін) тікелей немесе жанама иеленген (дербес немесе басқа тұлғалармен бірлесіп), сондай-ақ шартқа сәйкес немесе өзгеше түрде осы заңды тұлғаның шешімін айқындауға немесе бақылауға мүмкіндігі бар тұлғалар туралы мәліметтер мен растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

4) көрсетілетін қызметті алушының үлестес тұлғаларының тізімі (тізім қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында немесе оны көрсетілетін қызметті берушінің портал арқылы алу мүмкіндігі болмаған жағдайда);

5) банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алған жағдайда - осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 4) тармақшаларында, 6) және 8) тармақшаларының бірінші абзацында көзделген мәліметтер мен құжаттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын оның басшы қызметкерлеріне қатысты - Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша олардың мінсіз іскерлік беделін растайтын Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын , өтініш берушінің басшы қызметкерлеріне қатысты мәліметтер.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алған жағдайда - осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 4), 6) және 8) тармақшаларында көзделген мәліметтер мен құжаттар;

6) банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін көрсетілетін қызметті алушы құрылтай құжаттарының нотариат

куәландырған электрондық көшірмесі қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында немесе оны көрсетілетін қызметті берушінің портал арқылы алу мүмкіндігі болмаған жағдайда олар қосымша ұсынады;

7) аяқталған соңғы 2 (екі) қаржы жылы үшін аудиторлық ұйым куәландырған жылдық қаржылық есептіліктің, сондай-ақ тиісті өтініш берер алдында аяқталған соңғы тоқсан үшін қаржылық есептіліктің электрондық көшірмесі. Жылдық қаржылық есептілік осы есептілік қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында немесе оны көрсетілетін қызметті берушінің портал арқылы алу мүмкіндігі болмаған жағдайда ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы - Қазақстан Республикасының бейрезидент - заңды тұлға банктің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін өтініш жасаған кезде:

1) Қағидалардың 31-тармағында көзделген мәліметтер көрсетіле отырып еркін нысанда жасалған, көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не оның міндетін атқарушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алған жағдайда - осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 4) тармақшаларында, 6) және 8) тармақшаларының бірінші абзацында, осы тармақтың екінші бөлігінің 2), 3), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мәліметтер мен құжаттар, сондай-ақ өтініш берушінің басшы қызметкерлеріне қатысты Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес

8.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар және мәліметтер тізбесі

нысан бойынша олардың мінсіз іскерлік беделін растайтын Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын, өтініш берушінің басшы қызметкерлеріне қатысты мәліметтер.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алған жағдайда - осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 4), 6) және 8) тармақшаларында және осы тармақтың екінші бөлігінің 2), 3), 4), 6) және 7) көзделген мәліметтер мен құжаттар;

3) Банктер туралы заңның 17-1-бабының 1-тармағында, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң) 26-бабының 1-тармағында, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) 72-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тізбесі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингілік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысы мен (бұдан әрі - № 385 қаулы) белгіленетін халықаралық

рейтингтік агенттіктердің бірі тағайындаған көрсетілетін қызметті алушының (не банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі мәртебесін иеленген жағдайда оның бас ұйымы) кредиттік рейтингі туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі;

4) көрсетілетін қызметті алушы орналасқан елдің қаржылық қадағалау органынан Қазақстан Республикасының бейрезидент-занды тұлғаның инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге жазбаша рұқсаттың (келісімнің) электрондық көшірмесі не тиісті мемлекеттің уәкілетті органының аталған мемлекеттің заңнамасы бойынша мұндай рұқсаттың (келісімнің) талап етілмейтіні туралы мәлімдемесі.

Көрсетілетін қызметті алушы - бейрезидент қаржы ұйымы банктің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін өтініш жасаған кезде:

1) Қағидалардың 31-тармағында көзделген мәліметтер көрсетіле отырып еркін нысанда жасалған, көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не оның міндетін атқарушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген мәліметтер мен құжаттар;

3) көрсетілетін қызметті алушы (Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы) орналасқан елдің қаржылық қадағалау органынан көрсетілетін қызметті беруші осы елдің заңнамасы шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті екені туралы жазбаша растаманың электрондық көшірмесі не

көрсетілетін қызметті алушы (Қазақстан Республикасының бейрезиденті-қаржы ұйымы) орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының осы елдің заңнамасы бойынша мұндай рұқсаттың талап етілмейтіні туралы мәлімдемесі.

Өзі орналасқан елде шоғырландырылған қадағалауға жататын инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының 25 (жиырма бес) немесе одан көп пайызын иеленуге ниет білдіретін Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымының инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін осы тармақтың төртінші бөлігінде белгіленген құжаттардан басқа, көрсетілетін қызметті алушы орналасқан елдің қаржылық қадағалау органынан Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растаманың электрондық көшірмесін ұсынады. Көрсетілетін қызметті алушы - Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім алу үшін өтініш жасаған кезде:

1) осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген мәліметтер мен құжаттар;

2) көрсетілетін қызметті алушы - Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы орналасқан елдің қаржылық қадағалау органынан көрсетілетін қызметті алушы шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растаманың электрондық көшірмесі;

3) көрсетілетін қызметті алушының орналасқан елдің қаржылық қадағалау органынан көрсетілетін қызметті алушының

банк холдингінің немесе сақтандыру холдингінің мәртебесін иеленуге жазбаша рұқсаттың (келісімнің) электрондық көшірмесі не тиісті мемлекеттің уәкілетті органының аталған мемлекеттің заңнамасы бойынша мұндай рұқсат (келісім) талап етілмейтіндігі туралы өтініші. Көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлға бірмезгілде бірнеше қаржы ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін өтініш жасаған кезде:

1) Қағидалардың 31-тармағында көзделген мәліметтер көрсетіле отырып еркін нысанда жасалған, көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не оның міндетін атқарушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттар;

3) қаржы ұйымдарын қайта капиталдандыру жоспарына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы олардың ірі қатысушысы, банк холдингі немесе сақтандыру холдингі болып табылатын және (немесе) болуға ниет білдірген көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелерін ескерумен жасалған, Қағидалардың 28-тармағында көзделген ақпарат қамтылған қаржы ұйымының қаржылық жай-күйі ықтимал нашарлаған жағдайларда әрбір қаржы ұйымы бойынша қайта капиталдандыру жоспары.

Көрсетілетін қызметті алушы - Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлға бірмезгілде бірнеше қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім алу үшін өтініш жасаған кезде:

1) Қағидалардың 31-тармағында көзделген мәліметтер көрсетіле

отырып еркін нысанда жасалған, көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не оның міндетін атқарушының ЭЦҚ-сымен куәландырған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3) және 6) тармақшаларында, осы тармақтың екінші бөлігінің 2), 3), 6) және 7) тармақшаларында және осы тармақтың жетінші бөлігінің 3) тармақшасында және осы тармақтың он бірінші бөлігінде көрсетілген мәліметтер мен құжаттар.

Банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленетін көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлға Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын оның басшы қызметкерлеріне қатысты Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын өтініш берушінің басшы қызметкерлерінің мінсіз іскерлік беделін растайтын мәліметтерді қосымша ұсынады;

Көрсетілетін қызметті алушы - Қазақстан Республикасының бейрезиденті-заңды тұлға бірмезгілде бірнеше қаржы ұйымының ірі қатысушысы немесе банк немесе сактандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім алу үшін өтініш жасаған кезде:

1) Қағидалардың 31-тармағында көзделген мәліметтер көрсетіле отырып еркін нысанда жасалған, көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не оның міндетін атқарушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3) және 6) тармақшаларында, осы тармақтың екінші бөлігінің 2), 3), 6) және 7)

тармақшаларында, осы тармақтың жетінші бөлігінің 3) тармақшасында және осы тармақтың он бірінші бөлігінде көрсетілген мәліметтер мен құжаттар;

Банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленетін көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлға Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын оның басшы қызметкерлеріне қатысты Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын өтініш берушінің басшы қызметкерлерінің мінсіз іскерлік беделін растайтын мәліметтерді қосымша ұсынады;

3) қаржы ұйымының орналастырылған акцияларының 10 (он) немесе одан да көп пайызын тікелей иеленуші немесе ең төменгі талап етілетін рейтингі бар қаржы ұйымының дауыс беретін 10 (он) немесе одан да көп акцияларымен дауыс беру мүмкіндігі бар немесе қаржы ұйымының ірі қатысушысы болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент - заңды тұлғаның акцияларын (қатысу үлестерін) иелену (дауыс беру) арқылы қаржы ұйымының орналастырылған акцияларының 10 (он) немесе одан да көп пайызын жанама иеленуді немесе қаржы ұйымының дауыс беретін акцияларының 10 (он) немесе одан да көп акцияларымен жанама дауыс беруді көздейтін Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлға үшін аталған рейтингтің болуы талап етілмеген жағдайларды қоспағанда, тізбесі № 385 қаулымен белгіленетін халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірі тағайындаған заңды тұлғаның (не банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі мәртебесін иеленген жағдайда оның бас ұйымының)

кредиттік рейтингі туралы мәліметтер.

Көрсетілетін қызметті алушы - Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымының бірнеше қаржы ұйымдарының ірі қатысушысы немесе банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісімді бір мезгілде алу үшін өтініш білдірген кезде:

1) Қағидалардың 31-тармағында көзделген мәліметтер көрсетіле отырып еркін нысанда жасалған, көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не оның міндетін атқарушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) осы тармақтың төртінші бөлігінің 3) тармақшасында және осы тармақтың тоғызыншы бөлігінде көрсетілген мәліметтер мен құжаттар.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қосымша талаптар:

1) оған қойылатын талаптар Қағидалардың 29-тармағында белгіленген құжаттар мен мәліметтерге қосымша түрінде таяудағы 5 (бес) жылға арналған бизнес-жоспарды келесі көрсетілетін қызметті алушылар ұсынады:

орналастырылған (артықшылық берілген және қаржы ұйымы сатып алған) акциялардың 25 (жиырма бес) немесе одан да көп пайызын құрайтын иелену үлесімен қаржы ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге ниет білдіретін көрсетілетін қызметті алушы жеке тұлғалар; банк холдингі немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге ниет білдіретін заңды тұлғалар;

2) егер көрсетілетін қызметті алушы - жеке немесе заңды тұлға көрсетілетін қызметті берушінің алдын ала жазбаша келісімін алмай қаржы ұйымының ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келген жағдайда, сыйлыққа тарту шарты немесе сенімгерлік басқару

шарты негізінде Банктер туралы заңның 17-1-бабы 16-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабы 14-тармағында, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 72-1-бабының 14-тармағында белгіленген талаптарға сай тиісті мәртебені иеленуі туралы олар өтініш берген кезде қосымша мыналар ұсынылады:

қаржы ұйымының акцияларын сыйға тарту және қаржы ұйымының акцияларын сенімгерлік басқару талаптары мен тәртібін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

осы тармақтың бірінші бөлігінің 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттар;

сыйға тарту шартының немесе Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес растайтын құжаттардың көшірмесін қоса бере отырып бағалаушы айқындаған сенімгерлік басқару шартының мәні болып табылатын акциялар құны туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі.

Қаржы ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру бойынша:

1) көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлғаның не көрсетілетін қызметті алушы - заңды тұлғаның басшы қызметкерінің Банктер туралы заңның 20-бабының 3-тармағының 3), 4), 5) және 6) тармақшаларының, Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабының 3-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларының, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 54-бабының 2-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларының талаптарына сәйкес болмауы;

2) көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйінің тұрақсыздығы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады. Мына

талаптардың бірінің болуы көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйі тұрақсыздығының белгісі болып табылады:

көрсетілетін қызметті алушы - заңды тұлға өтініш берген күнге дейін 2 (екі) жылдан аз уақыт бұрын құрылған;

көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелері акцияларға орналастырылған активтер сомасын және басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесін шегергенде оның активтерінен және банктің иеленуге болжанатын акцияларынан асып кетеді;

аяқталған әрбір 2 (екі) қаржы жылының нәтижелері бойынша зиян;

көрсетілетін қызметті алушы міндеттемелерінің мөлшері қаржы ұйымының қаржылық ахуалы үшін айтарлықтай тәуекел тудырады;

көрсетілетін қызметті алушының банк алдында мерзімі өткен және (немесе) банк балансына жатқызылған берешегінің болуы; көрсетілетін қызметті алушының қаржы ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарына жасалған талдау көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауын болжайды;

көрсетілетін қызметті алушының мүлкінің құны (көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелерін шегергенде) банктің акцияларын иелену үшін жеткіліксіз болса;

көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйі тұрақсыз екендігін және (немесе) қаржы ұйымына және (немесе) оның депозиторларына шығын келтіруі мүмкін екендігін білдіретін өзге негіздер;

3) көрсетілетін қызметті алушы қаржы ұйымының ірі қатысушысы немесе банк холдингі мәртебесін

иеленуі нәтижесінде Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасы талаптарының бұзылуы;

4) қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иелену бойынша мәміледе иеленуші тарап тізбесі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20095 болып тіркелген "Банктік және сақтандыру қызметінің, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары қызметінің және бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын басқа да қызмет түрлерінің, акционерлік инвестициялық қорлар және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің мақсаттары үшін офшорлық аймақтардың тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 8 қаулысы мен белгіленетін офшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлға (оның ірі қатысушысы (ірі акционері) болып табылатын жағдайлар;

5) көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген қаржы ұйымының ірі қатысушыларына, банк немесе сақтандыру холдингтеріне қойылатын өзге де талаптарды сақтамауы;

6) көрсетілетін қызметті алушының қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарына жасалған талдау қаржы ұйымының қаржылық жай-күйінің нашарлауын болжаса;

7) Қазақстан Республикасының бейрезидент -қаржы ұйымы көрсетілетін қызметті алушыда

сол елдің заңнамасы шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыру өкілеттіктерінің болмауы;

8) көрсетілетін қызметті алушыда - Қазақстан Республикасының бейрезиденті-заңды тұлғада (не банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі мәртебесін алған жағдайда оның бас ұйымында) көрсетілген рейтингтің болуы қаржы ұйымының орналастырылған акцияларының 10 (он) немесе одан да көп пайызын тікелей иеленетін немесе талап етілетін ең төмен рейтингі бар қаржы ұйымының дауыс беретін акцияларының 10 (он) немесе одан да көп пайызымен дауыс беру мүмкіндігі бар қаржы ұйымының ірі қатысушысы болып табылатын, Қазақстан Республикасының бейрезидент - заңды тұлғасының акцияларын ( қатысу үлестерін) иелену (дауыс беру) арқылы қаржы ұйымының орналастырылған акцияларының 10 (он) немесе одан да көп пайызын тікелей иеленуді немесе қаржы ұйымының орналастырылған акцияларының 10 (он) немесе одан да көп пайызымен дауыс беруді көздейтін Қазақстан Республикасының бейрезидент - заңды тұлғасы үшін талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, тізбесі № 385 қаулымен белгіленетін халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірінің ең аз талап етілетін рейтингінің болмауы;

9) қаржы ұйымының қаржылық жай-күйі ықтимал нашарлаған жағдайда қаржы ұйымын қайта капиталдандырудың ұсынылған жоспарының тиімсіз болуы;

10) көрсетілетін қызметті алушы жеке тұлғада, көрсетілетін қызметті алушы - заңды тұлғаның басшы қызметкерінде мінсіз іскерлік беделдің болмауы. Осы тармақтың мақсаты үшін мінсіз іскерлік беделінің болмауы Банктер туралы заңның 20-

9.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

бабының 7-тармағында, Сақтандыру туралы заңның 34-бабының 7-тармағында, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 54-бабының 6-тармағында айқындалған өлшемшарттар болып табылады;

11) көрсетілетін қызметті алушы бұрын көрсетілетін қызметті беруші немесе резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу немесе оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын, оның ішінде олардың таратылуына және (немесе) қаржы нарығында өз қызметін жүзеге асыруды тоқтатуына алып келген Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы болып табылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде ірі қатысушы - жеке тұлға не ірі қатысушы - заңды тұлғаның бірінші басшысы және (немесе) қаржы ұйымының, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымының басшы қызметкері болып табылған не болып табылатын жағдайлар. Көрсетілген талап көрсетілетін қызметті беруші немесе резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы болып табылатын мемлекеттің қаржылық

қадағалау органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын, оның ішінде олардың таратылуына және (немесе) қаржы нарығында өз қызметін жүзеге асыруды тоқтатуына алып келген Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы болып табылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады. Осы тармақтың мақсаттары үшін қаржы ұйымы ретінде сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерiнiң филиалы түсiндiрiледi. Осы тармақшаның Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымына қатысты бөлiгiндегi шарттары көрсетiлетiн қызметтi алушыға банктің немесе банк холдингiнiң iрi қатысушысы мәртебесiн иеленуге келiсiм беруден бас тартқан кезде қолданылады;

12) көрсетiлетiн қызметтi алушы - заңды тұлға орналасқан елдiң қаржы ұйымдарын шоғырландырылған қадағалау саласындағы заңнаманың Қазақстан Республикасының

заңнамалық актілерінде белгіленген шоғырландырылған қадағалау жөніндегі талаптарға ( инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иелену жағдайларын қоспағанда) сәйкес келмеуі;

13) Қазақстан Республикасының бейрезиденттері – қаржы ұйымдары болып табылатын ірі қатысушылар - заңды тұлғалар, банк және сақтандыру холдингтері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органдары арасында ақпарат алмасуды көздейтін келісімнің болмауы (инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иелену жағдайларын қоспағанда), Банктер туралы заңның 17-1-бабының 9-1-тармағында белгіленген жағдайды қоспағанда;

14) көрсетілетін қызметті алушы - қаржы ұйымы өзі орналасқан елде шоғырландырылған негізде қадағалауға жатпайтын жағдайлар ;

15) Қазақстан Республикасының бейрезиденттері - банк конгломератына қатысушылар орналасқан елдің заңнамасы олардың және банк конгломератының Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген талаптарды орындауына мүмкіндік бермейтіндігіне байланысты банк конгломератына шоғырландырылған қадағалау жүргізудің мүмкін болмауы;

16) банкті ашуға рұқсат беруден бас тарту үшін негіздердің болуы мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тартуға негіз болып табылады;

17) инвестициялық портфельді басқарушының немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының

немесе сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленген, ұсынылған құжаттар осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында және Қағидалардың 31-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда;

18) ұсынылған құжаттар бойынша көрсетілетін қызметті берушінің ескертулерді жоймауы;

19) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иелену жағдайында осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбау;

20) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

21) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

22) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы. Банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім беру бойынша:

1) осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген негіздер;

2) көрсетілетін қызметті алушы - қаржы ұйымы орналасқан елде шоғырландырылған негізде қадағалауға жатпайтын жағдайлар

10.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де талаптар.

Көрсетілетін қызметті алушының банк ашуға рұқсат алуы немесе микроқаржы ұйымын банкке айналдыру нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастыру шеңберінде көзделген банк немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беруді көрсетілетін қызметті беруші бір өтініштің негізінде бірнеше мемлекеттік қызмет жиынтығын көрсетуді көздейтін "бір өтініш" қағидаты бойынша жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алуы шеңберінде көзделген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беруді көрсетілетін қызметті беруші бір өтініштің негізінде бірнеше мемлекеттік қызмет жиынтығын көрсетуді көздейтін "бір өтініш" қағидаты бойынша жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қолжеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығынан алу мүмкіндігіне ие.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777 немесе 1414.

Банктің ірі қатысушысы, банк

холдингінің, сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымының  
ірі қатысушысы, сақтандыру  
холдингінің, инвестициялық  
портфельді басқарушының ірі  
қатысушысы мәртебесін  
иеленуге келісім беру, оны кері  
қайтарып алу қағидаларына  
және көрсетілген келісімді алу  
үшін табыс етілетін құжаттарға  
қойылатын талаптарға  
2-қосымша  
Нысан

**Өтініш беруші олардың ірі қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалар туралы  
мәліметтер**

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуі (қайта тіркеуі) туралы деректер, жарғылық қызмет түрлері (негізгі қызмет түрлері көрсетілсін)	Жарғылық капиталға қатысу сомасы (сатып алынған акциялардың құны (мың теңгемен))
1	2	3	4

**кестенің жалғасы**

Акциялар санының дауыс беруші акциялардың жалпы санына арақатынасы немесе жарғылық капиталға қатысу үлесі (пайызбен),			
Жеке иелік ету		Бірлесіп иелік ету	
тікелей	жанама	пайыз	заңды тұлғаның атауы (тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса))
5	6	7	8

Осы ақпарат тексерілгенін және ол дәйекті және толық болып табылатынын растаймын.

Өтініш беруші

---

(тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса))

---

(қолы)

Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, оны

кері қайтарып алу қағидаларына  
және көрсетілген келісімді алу  
үшін табыс етілетін құжаттарға  
қойылатын талаптарға  
3-қосымша  
Нысан

**Өтініш беруші - жеке тұлға туралы мәліметтер (қысқаша деректер), өтініш беруші – заңды тұлғаның басшы қызметкерлері туралы қысқаша деректер**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Өтініш беруші ірі қатысушы, банктік немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленетін қаржы ұйымының толық атауы

2. Тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

3. Өтініш беруші- заңды тұлғаның лауазымы және толық атауы (өтініш беруші – заңды тұлғаның басшы қызметкері толтырады)

4. Жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса)

5. Азаматтығы

6. Жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері (шетел азаматтарына, азаматтығы жоқ тұлғаларға)

7. Тұратын жері және заңды мекенжайы

8. Телефон нөмірі (үй, жұмыс)

9. Өтініш беруші ірі қатысушы, банктік немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленетін қаржы ұйымының және онымен үлестес заңды тұлғалардың жарғылық капиталында қатысуы туралы мәліметтер:

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы деректер, жарғылық	Құрылтайшы – жеке тұлғаның иелігіндегі акциялар санының жарғылық капиталына қатысу үлесі немесе заңды тұлғаның дауыс беруші акцияларының

		қызмет түрлері (негізгі қызмет түрлері көрсетілсін)	жалпы санына арақатынасы (пайызбен)
1	2	3	4

10. Өтініш беруші ірі қатысушы, банктік немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленетін қаржы ұйымының және онымен үлестес заңды тұлғалардың жарғылық капиталында оның жұбайының, жақын туыстарының (ата-аналары, аға-інілері, апа-қарындастары (сіңлілері), балалары) және жекжаттарының (жұбайының (зайыбының) ата-аналары, інілері (ағалары), апа-қарындастары (сіңлілері), балалары) қатысуы туралы мәліметтер:

№	Тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)	Туған жылы	Туыстық қатынасы	Жұмыс орны және лауазымы	Заңды тұлғаның атауы	Жарғылық капиталға қатысу сомасы (сатып алынған акцияларының құны (мың теңгемен)
1	2	3	4	5	6	7

#### кестенің жалғасы

Акциялар санының дауыс беруші акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе оның жарғылық капиталына қатысу үлесі (пайызбен)			
Жеке иелік ету		Бірлесіп иелік ету	
тікелей	жанама	пайызы	заңды тұлғаның атауы (тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)
8	9	10	11

#### 11. Білімі:

№	Оқу орнының атауы	Түскен жылы - аяқтаған жылы	Мамандығы	Білімі туралы дипломының деректемелері (бар болса күні және нөмірі)
1	2	3	4	5

#### 12. Еңбек қызметі туралы мәліметтер

№	Жұмыс кезеңі (күні, айы, жылы)*	Жұмыс орны**	Лауазымы	Тәртіптік жазалардың болуы	Жұмыстан шығу, лауазымынан босатылу себептері
1	2	3	4	5	6

Ескертпе: осы тармақта өтініш беруші-жеке тұлғаның немесе өтініш беруші-заңды тұлғаның басшы қызметкерінің еңбек қызметі, (сондай-ақ басқару органындағы мүшелігі), оның ішінде өтініш беруші – заңды тұлғадағы лауазымын көрсете отырып, жоғарғы оқу орнын аяқтаған кезден бастап еңбек қызметі туралы мәліметтер, сондай-ақ

өтініш беруші-жеке тұлға немесе өтініш беруші-заңды тұлғаның басшы қызметкерінің ( күнтізбелік 14 (он төрт) күннен артық еңбек қызметін жүзеге асырмаған жағдайда көрсетіледі) еңбек қызметі жүзеге асырылмаған кезең көрсетіледі

\* қаржы ұйымдарындағы (оның ішінде шыққан елінің заңнамасы шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктері бар Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымдарындағы), банк немесе сақтандыру холдингтеріндегі, халықаралық қаржы ұйымдарының біріндегі, аудиторлық ұйымдардағы, қаржы қызметтерін және (немесе) қаржы ұйымдарына аудит жүргізу жөніндегі қызметтерді реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдарда еңбек қызметі туралы мәліметтер, сондай-ақ қаржы ұйымдарының (оның ішінде шыққан елінің заңнамасы шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыру жөніндегі өкілеттігі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымдарының) басқару органдарына, банктік немесе сақтандыру холдингтеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер көрсетіледі, күні, айы, жылы көрсетіледі. Қалған жағдайларда жылы көрсетіледі.

\*\* егер қаржы ұйымы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, қаржы ұйымының тіркелген елі көрсетіледі.

13. Өтініш беруші – жеке тұлға, өтініш беруші-заңды тұлғаның басшы қызметкерінің бұдан бұрын Қазақстан Республикасының бейрезидент- банкі резиденті болып табылатын мемлекеттің уәкілетті органы немесе қаржылық қадағалау органы банкті, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалын төлемге қабілетсіз банктер, банктердің филиалдары санатына жатқызу туралы немесе банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын таратуға және (немесе) қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға әкеп соққан лицензиядан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін, немесе қаржы ұйымын, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент – қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін, немесе оны Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент- банкі резиденті болып табылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен банкрот деп танығанға дейін, немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, сақтандыру (қайта сақтандыру) филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органның басшысы, оның орынбасары немесе атқарушы органның мүшесі, қаржы ұйымының бас бухгалтері, бас бухгалтерінің орынбасары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының

бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының басшысы, басшының орынбасары, бас бухгалтері, бас бухгалтерінің орынбасары, ірі қатысушы - жеке тұлға, қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк холдингі) - заңды тұлғасының, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент – қаржы ұйымының басшысы еншілес ұйымның басшы қызметкері (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидат) болып табылғандығы туралы мәліметтер.

---

---

---

\_\_\_\_\_ (иә (жоқ), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс істеген кезеңі көрсетілсін)

14. Өтініш беруші - жеке тұлға немесе өтініш беруші - заңды тұлғаның басшы қызметкері бұдан бұрын қаржы ұйымының басшысы, басқару органының мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, қатарынан төрт және одан астам кезең ішінде шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны төлеу бойынша дефолтқа жеткізген не дефолтқа жеткізілген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны төлеу бойынша берешек сомасы купондық сыйақының төрт еселік және (немесе) одан астам мөлшерін құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша дефолт мөлшері төлем жасау күніндегі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын соманы құрайтын эмитент – заңды тұлғаның – ірі қатысушысы (ірі акционердің) жеке тұлғасы, ірі қатысушысының (ірі акционердің) басшысы, басқару органының мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болғандығы туралы мәліметтер

---

---

---

(иә (жоқ), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетілсін)

15. Өтініш беруші-жеке тұлғаға, өтініш беруші-жеке тұлғаның басшы қызметкеріне қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) немесе оның негізінде мемлекеттік қызметті алуға байланысты арнаулы құқықтан айырылған сот шешімі бар ма.

---

---

---

\_\_\_\_\_ (иә (жоқ), заңды күшіне енген сот шешімінің күні мен нөмірі көрсетілсін)

16. Өтініш беруші – жеке тұлға, өтініш беруші – заңды тұлғаның басшы қызметкері уәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ашуға рұқсат беру туралы өтініш берген күніне дейін 3 (үш) жыл ішінде сыбайлас жемқорлық қылмысты жасағаны үшін жауапкершілікке не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жазаға тартылды ма

\_\_\_\_\_ (иә (жоқ), құқық бұзушылықтың, қылмыстың қысқаша сипаты, \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ жауапкершілікке тартудың негіздерін көрсете отырып).

17. Өтініш беруші-жеке тұлға, өтініш беруші-заңды тұлғаның басшы қызметкері ірі қатысушы немесе басшы қызметкер болған кезеңде заңды тұлғаның қаржылық жағдайының нашарлауының немесе банкроттық фактілерінің болуы:

18. Өтініш беруші ірі қатысушы - банктік немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленетін қаржы ұйымымен үлестес болуы (болмауы):

\_\_\_\_\_ (иә (жоқ), үлестестік белгілері көрсетілсін)

19. Өзге де ақпарат (бар болса):

Осы ақпарат тексерілгенін және ол дәйекті және толық болып табылатынын растаймын, сондай - ақ өтініш беруші - жеке тұлғаға, өтініш беруші-заңды тұлғаның басшы қызметкеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін және мінсіз іскерлік беделінің болуын растаймын.

Дербес деректерді жинауға және өңдеуге және ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

\_\_\_\_\_ (өтініш беруші – жеке тұлға, өтініш беруші – заңды тұлғаның басшы

қызметкерінің өз қолымен баспа әріптерімен толтырылады)

Қолы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Банктің, банк холдингінің  
ірі қатысушысы, сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымының,  
сақтандыру холдингінің ірі  
қатысушысы, инвестициялық  
портфельді басқарушының ірі  
қатысушысы мәртебесін  
иеленуге келісім беру, оны кері  
қайтарып алу қағидаларына  
және көрсетілген келісімді алу  
үшін табыс етілетін құжаттарға  
қойылатын талаптарға  
4-қосымша  
Нысан

**Өтініш берушінің кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер, сондай-ақ оның барлық міндеттемелері бойынша нақты берешегі туралы ақпарат**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 16.04.2021 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

2. Есепті кезең

3. Өтініш берушінің кірістері мен мүлкі, сондай-ақ оның барлық міндеттемелері бойынша бар берешегі туралы ақпарат:

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Өткен есепті кезең үшін	
			Саны	Кірістер (берешек) сомасы Актив құны (теңге)
1.	Есепті кезеңде алынған кірістер:		X	
1.1	Жалақы		X	
1.2	Ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу үлестерінен (акцияларынан)		X	

	түскен дивидендтер мен кіріс			
1.3	Салымдар бойынша сыйақы		X	
1.4	Мүлікті жалға беруден түскен кіріс		X	
1.5	Кәсіпкерлік қызметтен түскен кіріс		X	
1.6	Мүлікті өткізуден түскен кіріс		X	
1.7	Кірістің басқа түрлері (талдамасымен)		X	
2.	Мүлік:			
2.1	Ақша: ұлттық валютамен, оның ішінде: банктік шоттардағы қолма-қол ақшамен, шетел валютасымен, оның ішінде: банктік шоттардағы қолма-қол ақшамен		X X X X X	
2.2	Бағалы қағаздар (эмитенттің атауын көрсете отырып), оның ішінде жай акциялар, артықшылықты акциялар, облигациялар			
2.3	Қаржы ұйымының ірі қатысушысына тиесілі акциялар санының ұйымның (атауын көрсете отырып) дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе олардың, оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің жарғылық капиталына қатысу үлестері (пайызбен)	X		
	Жылжымайтын мүлік (атауы мен			



сәйкес мемлекеттік кірістер органдарына активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсынатын айдың 1 (бірінші) күнінің алдындағы 12 (он екі) айға тең кезең есепті кезең болып табылады.

Осы ақпарат тексерілгенін және дәйекті және толық болып табылатынын растаймын.

Өтініш беруші

(тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса))

(қолы)

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2012 жылғы 24 ақпандағы  
№ 67 қаулысына  
5-қосымша  
Нысан

**Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын өтініш берушінің басшы қызметкерлерінің мінсіз іскерлік беделін растайтын мәліметтер**

**Ескерту. Талаптар 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 19.07.2024 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Өтініш беруші - заңды тұлғаның - Қазақстан Республикасының резиденті не өтініш беруші - заңды тұлғаның – Қазақстан Республикасының бейрезиденті не өтініш беруші – қаржы ұйымының – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің толық атауы

2. Өтініш беруші – заңды тұлға – Қазақстан Республикасының резиденті не өтініш беруші - заңды тұлға – Қазақстан Республикасының бейрезиденті не өтініш беруші – қаржы ұйымы – Қазақстан Республикасының бейрезиденті банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленген банктің толық атауы

№	Өтініш беруші - заңды тұлғаның - Қазақстан Республикасының резиденті не өтініш беруші - заңды тұлғаның – Қазақстан Республикасының бейрезиденті не өтініш	Ж е к е сәйкестендіру	Азаматтығы	Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (

1	2	3	4	5	6
	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	беруші – қаржы ұйымының – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің басшы қызметкерінің лауазымы	нөмірі (бар болса)		шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар үшін)

Өтініш беруші - заңды тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті не өтініш беруші - заңды тұлға – Қазақстан Республикасының бейрезиденті не өтініш беруші – қаржы ұйымы – Қазақстан Республикасының бейрезиденті (қажеттісін таңдау)

(өтініш берушінің атауы)

Қазақстан Республикасының бейрезиденті (бейрезиденттері) болып табылатын өтініш беруші-заңды тұлғаның аталған басшы қызметкерінің (қызметкерлерінің) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайды.

Азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін), сондай-ақ осы басшы (басшы) қызметкер (қызметкерлер) соңғы 10 (он) жыл ішінде тұрақты түрде тұрған елдің алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығын өтініш беруші - заңды тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті не өтініш беруші - заңды тұлға – Қазақстан Республикасының бейрезиденті не өтініш беруші – қаржы ұйымы – Қазақстан Республикасының бейрезиденті тексереді (қажеттісін таңдау)

(өтініш берушінің атауы)

Осы ақпаратты өтініш беруші - заңды тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті не өтініш беруші - заңды тұлға – Қазақстан Республикасының бейрезиденті не өтініш беруші – қаржы ұйымы – Қазақстан Республикасының бейрезиденті тексерді (қажеттісін таңдау) және ол анық әрі толық болып табылады.

Атқарушы органның басшысы (атқарушы органның қызметтерін жеке-дара жүзеге асыратын тұлға) немесе оның міндетін атқарушы тұлға.

(қолы)

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2012 жылғы 24 ақпандағы  
№ 67 қаулысының қосымшасы

## **Күші жойылды деп танылған нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді беру, беруден бас тарту, қайтарып алу ережесін бекіту туралы" 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 7 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 5165 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді беру, беруден бас тарту, қайтарып алу ережесін бекіту туралы" 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 7 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" 2008 жылғы 29 қазандағы № 174 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 5397 тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді беру, беруден бас тарту, қайтарып алу ережесін бекіту туралы" 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 7 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 27 ақпандағы № 33 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 5618 тіркелген).

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" 2010 жылғы 29 наурыздағы № 49 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 6204 тіркелген, 2010 жылдың 3 қарашасында № 456 (26299) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне енгізілетін толықтырулар мен өзгерістер тізбесінің 9-тармағы.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банктің, банк

холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді беру, беруден бас тарту, қайтарып алу ережесін бекіту туралы" 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 7 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2010 жылғы 29 қарашадағы № 172 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 6720 тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК